



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №978598/2024/1

29.04.2024 жылғы

"Үлбі металлургиялық зауыты" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Бизнесті қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директордың м. а., Сатып алу жөніндегі директор САЙРАМБЕКОВА РАУШАН САКТАСЫНОВНА негізінде әрекет ететін Сенімхат №2924833767 01.02.2024 бастап, атынан, бір жағынан, және "Distritech" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Директор ТУКТИН АРМАН БАЛГАЕВИЧ негізінде әрекет ететін Устав компания, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 978598 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқ;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы шарт бойынша жеткізілетін тауар жаңа, қолданылмаған болуы тиіс.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.3.1. Шарт.

1.3.2. Сатып алынатын Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі (1-қосымша).

1.3.3. Техникалық ерекшелік (2-қосымша).

1.3.4. Тауарларды жеткізуге арналған шарттағы елішілік құндылық үлесінің болжамды/нақты есебі (3-қосымша)

1.3.5. Контрагенттің сауалнамасы (4-қосымша).

1.3.6. Анкета нысаны - ESG сауалнамасы (Өнім берушімен электрондық форматта немесе қағаз тасымалдағышта ұсынылады) (№5 қосымша).

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 912802.24 (тоғыз жүз он екі мың сегіз жүз екі теңге, жиырма төрт тиын) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Осы Шарт бойынша Тауарды жеткізген соң Тапсырыс беруші Шарттың талаптарына сәйкес нақты жеткізілген Тауар үшін төлем жүргізеді.

2.4. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.4.2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазылған шот-фактура.

2.4.3. корларды сыртқа шығаруға жүкқұжат (Жүйедегі электронды көшірме және түпнұсқа);

2.4.4. зауыт өндірушінің паспорты не сапа сертификаты;

2.4.5. Шарттың № 2 Қосымшасына сәйкес басқа құжаттар.

2.5. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.





Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.6. Тапсырыс беруші төлемге қажетті құжаттар пакетін уақтылы ұсынбау үшін жауапкершілік артпайды.

2.7. Осы Шарттың әрекет ету мерзімінде Тәртіппен көзделген жағдайлардан басқа Тауардың бірлігіне баға артылуға жатпайды.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Тауарды жеткізу Шартқа № 1, № 2 қосымшаларда көрсетілген мерзімдер ішінде жіберілген Тапсырыс берушінің өтінімі (бұдан әрі - Өтінім) бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте Өнім беруші Өтінімді жеткізгеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде осы күндердің қайсысы бұрын басталатынына байланысты Өнім берушінің электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына Тауарды жеткізуге міндетті.

3.1.1. Түпнұсқадан сканерленген түсті форматтағы, еркін нысанда ресімделген және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілімен қол қойылған Тауарды жеткізуге Өтінім осы Шарттың 18-бөлімінде/Веб-порталда көрсетілген электрондық поштасына не заңды мекенжайына Өнім берушіге жіберіледі.

3.1.2. Өнім беруші Тауарды жеткізуге Өтінім келіп түскен күннен бастап (электрондық поштаға не заңды мекенжайға) 3 (үш) жұмыс күні ішінде еркін нысанда ресімделетін Тауарды жеткізуге Өтінімді алғаны туралы хабарлама (бұдан әрі – Хабарлама) жолдау арқылы Тауарды жеткізуге Өтінімді алғандығын растайды.

3.1.3. Тауарды жеткізуге Өтінім Өнім берушінің электрондық поштасына не заңды мекенжайына жеткізілген күннен бастап, осы күндердің қайсысы бұрын келетіндігіне байланысты, күшіне енеді.

3.2. Тауар Тауардың сақталуы мен бүтіндігін қамтамасыз ететін кез келген көлік түрімен жеткізіледі.

3.3. Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың №1, № 2 Қосымшаларындағы талаптарға сәйкес келетін Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес қорларды сыртқа шығару жүкқұжаты бойынша Тауарды ұсынады.

3.4. Тауарды жеткізу күні ретінде Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күн болып табылады. Тауарға меншік құқығы Өнім берушіден Тапсырыс берушіге Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап өтеді. Жеткізумен байланысты шығындар Шарттың жалпы сомасына кіреді.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет ету мерзімімен Шартты орындауды қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнынан 3 % мөлшерде ақшалай салым, банк кепілдігі түрінде енгізу.

4.1.3. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген Тауардың барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-берудің соңғы актісімен бірге беріледі.

4.1.3.2. Шарт бойынша нақты жеткізілген тауардың көлеміне (санына) елішілік құндылық үлесінің есебі электрондық құжат нысанында (Веб-порталда ұсынылады) әр Қабылдау-тасыру актісінің алдында тапсырылады;

4.1.3.3. Осы Шарттың 2-бөлімінде көрсетілген құжаттар.

4.1.4. Шарт талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.

Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.1.5. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарды жеткізу бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді толық орындауды қамтамасыз ету.

4.1.6. Стандарттарға және/не өндіруші зауыттың техникалық шарттарына сәйкес Тауардың тиісті сапасына кепілдеме беру.

4.1.7. Тапсырыс берушіге Тауарды тиіп-жөнелтуге дайындығы және жүргізілген тиіп-жөнелту туралы хабарлау.

4.1.8. Тапсырыс берушінің аумағында бола отырып, «ҮМЗ» АҚ нысандарында Мердігер жұмыскерлеріне рұқсат беру және болу кезінде өткізу объектішілік режимінің талабы» СТ 28.0021 «А» қосымшасының талаптарын орындау.

4.1.9. Тапсырыс берушінің құжаттарына сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша талаптарды орындау.

4.1.10. Тапсырыс берушіге Тауардағы елішілік құндылық үлесі бойынша есептілікте шынайы ақпарат беру. Елішілік құндылық үлесі бойынша жалған ақпарат ұсынылған жағдайда, Өнім беруші Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.11. Заңмен қорғалатын қызметтік, коммерциялық немесе өзге де құпияны, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына байланысты Өнім берушіге мәлім болған дербес деректерді жария етпеу.

4.1.12. Тауарды жеткізумен байланысты, тараптар келіспеген барлық шығындарды төлеу.

4.1.13. Өз ұйымының жұмыскерлерін «ҮМЗ» АҚ ҚОМЖ және ДҚЖЕКҚМЖ талаптарымен, сонымен қатар «ҮМЗ» АҚ сыртқы сайтында (<http://www.ulba.kz/ru/>) орналастырылған «ҮМЗ» АҚ Басшылық саясатымен таныстыру.

4.1.14. Шартпен көзделген жағдайларда Активтерді қабылдау актілеріне қол қою.

4.1.15. Тиіссіз сападағы Тауарды жеткізген жағдайда Тапсырыс берушіге Өнім беруші тиіссіз сападағы Тауарды жеткізумен





байланысты және туындаған шығындарды өтеуге.

4.1.16. Қорларды сыртқа шығаруға жүкқұжат бойынша Тауарды тапсыру және салық заңнамасының талаптары бойынша шот-фактура жазу.

4.1.17. Өзара талаптың жоқ екендігі туралы тексеріп салыстыру актіне Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күннен кешіктірмей қол қою.

4.1.18. Тапсырыс берушіге толтырылған Контрагент анкетасын (осы Шартқа № 4 Қосымша) осы Шартқа қол қойған соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде, және шарт 12 айдан артық уақытқа жасалса, жыл сайын ұсыну.

4.1.19. Тапсырыс берушіге осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде және егер шарт 12 айдан астам мерзімге жасалған болса, жыл сайын толтырылған ESG анкета-сауалнамасын (осы Шартқа №7 қосымша) ұсыну.

4.1.20. Осы Шартқа қол қойған соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушінің <http://www.ulba.kz> веб-сайтында орналастырылған «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілердің Әдеп кодексімен өзі және жұмыскерлерін таныстыру. «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілердің Әдеп кодексі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4.1.21. Өнім беруші, оның ішінде жұмыскерлері және олардың отбасы мүшелері, сонымен қатар қосалқы жеткізушілер Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімінде «ҮМЗ» АҚ Өнім берушінің Әдеп кодексіне сәйкес міндеттемелерді қабылдайды.

4.1.22. Келесілерге тыйым салынады: берілген рұқсаттамалардың жоғалуына немесе механикалық зақымдалуына; Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағында радиоэлектрондық байланыс құралдарын, электрондық, магниттік, оптикалық, қағаз ақпарат тасымалдағыштарды, фото-бейне жабдықтарды рұқсатсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша алып өтуге және (немесе) пайдалануға; Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағынан дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді) бойынша тауар-материалдық құндылықтарды; рұқсаттаманы басқа адамға беруге; қолдан жасалған немесе мерзімі өткен Рұқсаттама бойынша күзетілетін аумаққа өту (өту) әрекеттеріне; Өнім беруші қызметкерінің Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта алкогольден немесе есірткіден масаң күйде болуына, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольден немесе есірткіден масаң күйде өту әрекетіне; рұқсат беру құжаттарынсыз тауар-материалдық құндылықтарды Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағынан әкету (шығару) әрекеттеріне тыйым салынады; Тапсырыс берушінің аумағына тыйым салынған заттарды, нәрселерді, оның ішінде қаруды, оның оқ-дәрілерін, улы және улағыш заттарды, көзден жас ағызатын не жүйкеге әсер ететін газы бар баллондарды, алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды әкелуге.

4.1.23. Рұқсаттаманың әрекет ету мерзімі өткен соң 5 (бес) жұмыс күн ішінде оны (рұқсаттаманы) Тапсырыс берушіге қайтару және Шарттың кураторына - Голованов Д.П. Тапсырыс берушінің рұқсаттамалар бюросының өкілі қол қойған рұқсаттаманы тапсыруы туралы анықтаманы ұсыну.

4.1.24. Тапсырыс берушіге жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын Тапсырыс беруші тиісті талап қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде өтеу. Шарттың 4.1.23-тармақшасында көрсетілген мерзімде Өнім беруші рұқсаттаманы қайтару туралы анықтама бермесе, рұқсаттама жоғалды деп танылады.

4.1.25. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

4.1.26. Тапсырыс беруші жіберген өтінімді Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген мерзімдерде орындау.

4.1.27. Сыбайлас жемқорлық көріністерін, ақшаны жылыстатуды, терроризмді қаржыландыруды қоса алғанда, заңсыз қызметке қатыспауға, Орындаушымен, оның акционерлерімен/ құрылтайшыларымен/ қатысушыларымен/ басшыларымен ынтымақтастыққа тыйым салатын санкциялардың болуын қоса алғанда, Орындаушының және(немесе) Тапсырыс берушінің беделіне теріс әсер етуі мүмкін өзге де жағымсыз сәттердің болмауына кепілдік беру және аталған жағдайлар болса, осы Шартты бұзу.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қояды талап етуге.

4.2.3. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап ету.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға құқығы бар.

4.2.5. Шарттық міндеттемелерді орындау тәсілдерін өз бетінше айқындау.

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.





4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.3.4. Енгізілген Шартты орындау кепілдемесін Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаннан кейін 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей қайтару.

4.3.5. Шартты жабуды Тараптардың өзара талаптарының жоқ екендігі туралы Өнім берушімен салыстыру актісіне қол қою арқылы жүргізу.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Тауардың кемшіліктерін анықтау және оларды жоюды талап ету.

4.4.5. Қазақстан Республикасының заңнамасы және (не) осы Шартпен және (не) Тәртіппен көзделген жағдайларда Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тарту (Шарттан бас тарту).

4.4.6. Өнім берушіден қойылған өсімақы, айыппұл және шығын сомаларын төлеуді талап ету.

4.4.7. Өнім беруші Тауарды жеткізу мерзімін, тиіссіз сападағы Тауар жеткізген үшін Шартпен көзделген тәртіпте шарт бойынша төлем сомасынан не Шартты орындауды қамтамасыз ету кепілдемесінен бір жақты тәртіпте тұрақсыздық айбын ұстау.

4.4.8. Осы Шартты орындаумен байланысты банктік есеп айырысулар жөніндегі ақпаратты «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға (бұдан әрі – Қор) осы Шартта көзделген банк арқылы «ҮМЗ» АҚ банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді-көшірме/үзінді-көшірмелер түрінде Қор талап еткен кез келген кезеңділікпен ұсыну.

4.4.9. Шарттың 5-бөлімінің талаптарын сақтау шартында мөлшері мен сапасы сәйкес келмейтін Тауарды қабылдамауға.

4.4.10. Өнім берушіден осы Шарттың 2-бөлімінде көрсетілген құжаттарды ұсынуды талап етуге.

4.4.11. Өнім берушіден жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын өтеуді талап етуге.

4.4.12. Келесі жағдайларда бір жақты тәртіпте Шартты бұзу (Шартты орындаудан бас тарту):

- Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес осы Шарттың № 4 Қосымшасындағы нысан бойынша Контрагент анкетасын ұсынбағанда;

- Өнім берушінің COMPLAINT-тексеру кезінде теріс нәтиже анықталса;

- Өнім беруші «ҮМЗ» АҚ Өнім берушілердің Әдеп кодексін бұзу фактілері анықталса.

4.4.13. Егер Өнім беруші Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайларды қоспағанда, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға.

4.4.14. Шарттың №1, №2 қосымшаларында көрсетілген Тауарды жеткізу мерзімі ішінде Өнім берушінің мекенжайына Тауарды жеткізуге Өтінімді жолдау.

4.5. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда Тараптар осы Шарттың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тармағының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

4.6. Тараптардың ешқайсысының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші Тарапқа беруге құқығы жоқ.

4.7. Егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күні Тапсырыс берушінің Өтінімі бойынша Өнім беруші жеткізген тауардың жалпы құны Шарттың жалпы сомасына жетпеген жағдайда, онда Өнім беруші Тапсырыс берушіден тауардың қалған көлеміне қосымша өтінімдер беруді және тиісінше Шарт бойынша жалпы соманы төлеуді талап етуге құқылы емес.

4.8. Орындаушы / Мердігер / Жеткізуші өз қызметкерлерін Тапсырыс берушінің <http://www.ulba.kz> веб-сайтында орналастырылған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы «ҮМЗ» АҚ басшылығының саясатымен танысуға және таныстыруға міндетті. Осы Шартқа қол қоя отырып, Орындаушы/Мердігер / Жеткізуші «ҮМЗ» АҚ басшылығының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы саясатының мазмұнымен танысқанын растайды.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарды техникалық ерекшелікке және Шарттың басқа талаптарына сәйкес келуіне тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген Тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі қарап-тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүргізеді.

5.3. Тауарды қабылдау және оны Тапсырыс берушінің иелігіне өткізу екі кезеңде жүргізіледі:

5.3.1. Сапасы және мөлшері бойынша алдын ала қабылдау:





5.3.1.1. мөлшері бойынша – Өнім берушінің қорларды сыртқа шығаруға жүкжатында көрсетілген мөлшерге сәйкес;

5.3.1.2. сапасы бойынша – Шарттың 2-бөлімі және Шарттың № 2 қосымшасында көрсетілген құжаттарға сәйкес.

Сапасы бойынша алдын ала қабылдау Тауарды Өнім берушіден (Өнім берушінің уәкілетті тұлғасынан) Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес ұсынған сәттен бастап жүргізіледі.

5.3.2. Келесі мерзімде сапасы және мөлшері бойынша ақырғы қабылдау:

5.3.2.1. мөлшері бойынша:

5.3.2.1.1. ыдыссыз, ашық және/немесе бүлінген ыдыспен келген Тауар – Өнім берушіден (Өнім берушінің уәкілетті тұлғасынан) алған уақытта не пломбаланған ыдысты ашу және пломбаланбаған көлік құралдары мен контейнерлерді түсіру кезінде, бірақ тиіп-түсіру мерзімі аяқталғанға дейін;

5.3.2.1.2. Бүтін ыдыста келген Тауар: брутто салмағы және орын саны бойынша - Шарттың 5.3.2.1.1 -тармақшасында көрсетілген мерзімде. нетто салмағы және әр орында тауарлық бірлік саны бойынша ыдысты ашумен бір уақытта, бірақ Тауарды алған күннен бастап 10 жұмыс күннен кешіктірмей – Өнім беруші (не оның уәкілетті тұлғасы) Тауарды жеткізген кезде не Өнім берушінің қоймасынан Тапсырыс беруші әкеткен кезде және Жұктасымалдаушы (Тауарды тасымалдауға Тапсырыс берушінің не Өнім берушінің уәкілетті тұлғасы) жүкті ұсынған уақытта – барлық қалған жағдайларда.

5.3.2.2. сапасы бойынша Өнім беруші Тауарды жеткізген не Тапсырыс беруші Тауарды шығарған кезде Өнім беруші Тауарды берген күннен бастап не Тапсырыс берушінің қоймасына келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей. Ыдыста жеткізілген Тауардың сапасы мен жинақтылығын тексеру ыдысты ашу уақытында жүргізіледі, бірақ жоғарыда көрсетілген мерзімнен кешіктірмей.

5.4. Тауардың саны жетіспеу не сапасына кінәрат-талап анықталған жағдайда (қабылдаудың кез келген кезеңінде) қабылдау тоқтатылады, Тауардың сақталуын қамтамасыз ету және басқа ұқсас өніммен араласуының алдын алу бойынша шаралар қабылданады. Өнім берушінің өкілін шақырту міндетті түрде. Өнім беруші өзінің келуі туралы Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабарлауы тиіс. Өнім беруші қабылдауға келмеген не бас тартқан жағдайда, Тауарды сапасы мен мөлшері бойынша қабылдауды құрамы 3 (үш) адамнан кем емес Тапсырыс берушінің комиссиясы жүргізеді. Қабылдау нәтижелері бойынша «Активті қабылдау туралы акт» жасалады (Өнім берушінің өкілі келген жағдайда, оның қатысуымен, келмеген жағдайда – Тапсырыс берушінің комиссиясымен). «Активті қабылдау туралы актіде» көрсетіледі: қарап-тексеру уақытына ыдыс пен тоғанактың күйі, пломба бедерінің сипаттамасы, Тауардың мөлшері мен сапасын анықтау тәсілдері; анықталған сәйкессіздіктер мен олардың пайда болу себептері. «Активтерді қабылдау туралы актіге» Тауарды қабылдауға қатысуға уәкілетті тұлғалар қол қояды. Тараптар «Активтерді қабылдау туралы актіде» белгіленген Тауардың сапасы мен мөлшері бойынша қабылдау нәтижелері (Тапсырыс беруші Өнім берушінің өкілімен не оның қатысуынсыз қол қойған) ақырғы және Шарт бойынша сапасы мен мөлшері бойынша талаптарға сәйкес келетін Өнім берушінің Тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерін тиісті не тиіссіз орындауын растайтын факт болып табылатындығына келісті. Шартта айтылмаған жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін басшылыққа алады.

5.5. Тауарды тасымалдау кезінде Өнім беруші жеткізудің базистік талаптарымен белгіленген жауапкершілік аймағы шегінде (Өнім берушінің) қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптарды сақтауға міндетті.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауардың сапасы жеткізілетін Тауарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігіне және Тауардың сапасы Шарттың 2-бөліміндегі құжаттарда көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келетіндігіне кепіл береді. Осы Шарт бойынша жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде жеткізілген Тауардың құрылымымен, материалымен не жұмысымен байланысты ақаулардың болмайтындығына Өнім беруші кепіл береді.

6.2. Егер кепілдік мерзімі ішінде белгіленген _____ (кепілдік мерзімін және оның басталуын көрсету), Тауардың ақаулары не Шарттың талаптарына сәйкес келмеу анықталса, Өнім беруші өз есебінен ақауы бар Тауарды жаңа Тауарға ауыстыруға міндеттенеді. Тапсырыс беруші Өнім берушіге жою мерзімін көрсетумен кемшіліктерді жою туралы хабарлама жолдайды. Ауыстырылған Тауарға кепіл мерзімі жаңа Тауарға ауыстырған сәттен басталады. Тауарды ауыстыру бойынша барлық шығынды Өнім беруші артады.

6.3. Егер Тауарды ауыстыруды мерзімінен кешіктіру Өнім берушінің кінәсінен болса, кепіл мерзімі сәйкес уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.4. Тараптар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ-тың, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның, Австралияның немесе Тараптардың кез келгені орналасқан елдің санкцияларымен шектелмей, эксаумақтық әсері бар санкцияларға (бұдан әрі - Жаһандық санкциялар) шектеулер қойылмайтынына кепілдік береді және сендіреді.

Тараптар осы Шартты орындауға тартылған, оларға қарсы Жаһандық санкциялар бағытталуы мүмкін кез келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартпауға немесе жалдамауға келіседі.

Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның үлестес тұлғаларының кез келгені немесе осындай компаниялардың директорларының, лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің кез келгені («Санкцияға ұшыраған тұлға») немесе санкцияға ұшыраған осындай тұлға тұрып жатқан немесе Шартты орындайтын немесе бизнесті жүргізетін ел Жаһандық санкцияларға сәйкес





айыппұлға тартылады немесе талап қойылады, немесе ерекше белгіленген азаматтығы және бұғатталған адамдар тізімінде болса («SDN-тізім»), екінші Тарап жауапкершіліксіз немесе айыппұлсыз Шарттың орындалуын санкциядағы тұлға SDN тізімінен шығарылғанға дейін немесе осындай санкциядағы Тұлға немесе санкциядағы Тұлға елі қандай да бір санкциялардың/шектеулердің объектісі немесе мақсаты болуды тоқтатқанға дейін, немесе басқа Тарапқа қандай да бір өтемақысыз күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлай отырып, осы себеппен оның қолданысын дереу тоқтатуға құқылы.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Тапсырыс берушіге мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% аспайтын тұрақсыздық айыбын талап етуге құқылы, ал Өнім беруші Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті.

7.2.3. Шарт талаптарына сәйкес келмейтін тауарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, сапасыз тауарды жеткізген жағдайда Өнім беруші:

7.2.3.1. Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес келмейтін тауар құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлейді, бұдан басқа, Тапсырыс беруші Шарт талаптарына сәйкес келмейтін тауарды Өнім берушінің есебінен қайтаруға құқылы.

7.2.3.2. Тапсырыс беруші Өнім берушіге талап (бұдан әрі - Талап) жіберген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес келмейтін тауарды өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Талап орындалған жағдайда Тараптардың тиісті актілерге қол қойған күні Шарт бойынша тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

7.2.3.3. Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін тауарды жеткізу себебінен байланысты және/немесе туындаған барлық шығындарды өтейді.

7.2.4. Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Шарт бойынша кез келген міндеттемені тиісінше орындамаған (Тауарды жеткізу мерзімдерін бұзу және/немесе сапасы тиіссіз Тауарды жеткізу, Өнім берушінің кінәсі бойынша Шартты бұзу) жағдайда, Өнім беруші есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды соңғы есеп айырысу кезінде жеткізілген Тауар үшін төлеуге жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Тапсырыс берушіге береді. Өнім беруші бұл сомаға Шарт бойынша төлемді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбын есептемейді. Бұл ретте, Тапсырыс беруші Өнім берушіге Өнім берушінің міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын, шығынды жеткізілген Тауарлар үшін төлеуге жататын сомадан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды.

7.2.6. Өнім беруші Тапсырыс берушінің атына осы Шарт бойынша туындайтын сатулар бойынша айналымдарды ҚҚС бойынша салық есептілігінде уақтылы көрсетіп отыруға міндеттенеді және шот-фактуралардың салық заңнамасының талаптарына сәйкес дұрыс және анық толтырылуы үшін жауапты болады. Өнім беруші салықтық міндеттемелер бойынша талап қою мерзімі ішінде қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының анықтығын растау мәселелері бойынша салықтық тексерулерді өткізу барысында Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растауға міндеттенеді. Жоғарыда аталған міндеттемелерді қадағаламаған жағдайда, Өнім беруші салық заңнамасының талаптарына сәйкес қайтарудан шығарылған ҚҚС сомаларын өтеп беруге міндеттенеді.

7.2.7. Өнім беруші ҚОҚМЖ және ДСЖЕҚМЖ талаптарын сақтауға жауапты болады.

7.2.8. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Контрагент анкетасын уақтылы ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден осы Шарт сомасынан 5% мөлшерде айыппұлды төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.9. Тауардағы елішілік құндылық үлесі бойынша жалған ақпарат берген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 5% мөлшерде .

7.2.10. Өнім беруші шарттың елеулі талаптарын бұзған жағдайда (Өнім берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартуы), Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өнім беруші Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеме сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.3.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен





әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.3.2. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.3.3. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.3.4. Тапсырыс беруші Шарттың елеулі талабын бұзған жағдайда (Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты тәртіпте бас тартқан жағдайда) Тәртіптің 65-бабы 6-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, Тапсырыс беруші Өнім берушіге орындалмаған міндеттеме сомасынан 10 % мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

7.4. Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/не тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұл) сомаларын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан не Шартты орындауды қамтамасыз ету кепілдемесінен ұстауға Өнім беруші келісті.

7.5. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші:

- Белгіленген тәртіпте сатып алу жөніндегі уәкілетті органға Өнім беруші туралы мәліметтерді «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз Өнім берушілері (Өнім берушілері) тізбесіне енгізу үшін жолдайды;

- Біржақты шартты Шартты орындаудан бас тартады.

7.6. Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған әр жағдай үшін, Шарттың 7.2-тармағы (Өнім берушінің жауапкершілігі) және 7.3-тармағы (Тапсырыс берушінің жауапкершілігі) бойынша жауапкершіліктен басқа, кінәлі Тарап екінші тарапқа 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті).

7.7. Шарттың 7.9-тармағы бойынша айыппұлды төлеуге негіз ретінде кінәлі Тараптың мекенжайына жолданатын тиісті актілер, шоттар болып табылады. Кінәлі Тарап келісілген сомаларды екінші Тараптың есептік шотына төлемге шот алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде ақшалай қаражатты аудару арқылы төлейді.

7.8. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.10. Тапсырыс беруші осы Шарттың 8.3-тармағына сәйкес осы Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден осы Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбы өтеуге міндетті.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды алуға негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген жағдайлар;

8.3.5. Шарт талаптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.3.6. Тәртіппен көзделген басқа жағдайларда.





8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты тәртіппен бұзуына және (немесе) бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.5. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама Өнім берушіге Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей жолдануы тиіс. Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне ену күні ретінде Тапсырыс беруші хабарламада көрсеткен күн болып табылады. Хабарлама Өнім берушінің электронды поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілген болса, алынды деп танылады.

8.6. Шартты бұзған не Шартты орындаудан бас тартқан (шарттан бас тартқан) жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың 8.3.3-тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шартты бұзуға не Шартты орындаудан бас тартуға (шарттан бас тартуға) байланысты туындаған Өнім берушінің шығындары үшін жауапты болмайды.

8.7. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, екінші Тарап Шартты біржақты тәртіппен бұзуға не Шартты орындаудан бас тартуға (шарттан бас тартуға) құқылы.

Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама арқылы ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама екінші Тарапқа Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) болжамды күніне дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс.

Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне ену күні ретінде хабарламада көрсетілген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жеткізілсе, осы күндердің қайсысы ертерек келетініне байланысты алынған болып саналады.

Шарттың осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген жағдайда Шартты бұзу (бас тарту) үшін екінші Тараптың қосымша келісімі талап етілмейді.

9. Хабарламалар

9.1. Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама хат, жеделхат, телекс, факс немесе электрондық хабарлама (графикалық түсті форматта сканерленген түпнұскасы) түрінде жіберіледі, кейіннен түпнұскасы ұсынылады (шарттың 3.1, 8.5, 13-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда).

9.2. Деректемелердің өзгергені туралы Тараптар бір-бірін 3 жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді және белгіленген тәртіппен осы Шартқа тиісті қосымша келісімді ресімдейді.

9.3. Хабарлама (шарттың 3.1, 8.5-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда) жеткізілгеннен кейін немесе хабарламада көрсетілген басқа күні, осы күндердің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт екі Тарап та қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 31.01.2025ж. дейін әрекет етеді. Өнім берушінің Шарттың 7.2.6-тармақшасы бойынша жауапкершілігі бөлігінде Шарт салықтық заңнамаға сәйкес талап қою мерзімі кезеңінде әрекет етеді. Тараптардың өзара есеп айырысу бөлігінде және Өнім берушінің Шарттың 6-бөлімі, 7.2.2-тармақшасы бойынша міндеттемелері мен жауапкершілігі бөлігінде Шарт Тараптар көрсетілген міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер кідіріс еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса (төленген аванстық сомаларды қайтару жөніндегі міндеттерді қоспағанда), Тараптар Шарттың талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды.

11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сұрапыл сипаттағы құбылыстар: су тасқындары, жер сілкіну, өрттер, дауылдар, Тараптардың кінәсінен емес болған апаттар, сондай-ақ қоғамдық құбылыстар: соғыс іс-қимылдары, блокада, заң шығарушы және атқару органдарының осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін шешімдері жатады.

11.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының болғаны туралы Тараптар біріне-бірі мұндай мән-жайлар мен олардың себептері туралы олардың басталу сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға тиіс. Екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы туралы олардың туындау күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде хабарламауы осындай жағдайлардың әрекетіне тап болған Тарапты осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы үшін осы Тарап негіздеме ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады. Егер Тараптан өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, еңсерілмейтін мән-жайларына сілтеме жасайтын екінші Тарап Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды орынды болғанынша жалғастырады және Шартты орындаудың еңсерілмейтін күш мән-





жайларына тәуелді емес баламалы тәсілдерін іздестіреді. Бұл жағдайда, осы мән-жайлардың Шартты орындау мерзімдері бүкіл Шартты немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары болғаннан кейін орындалуға жататын бөлігінің мерзімінде орындалуына айтарлықтай әсер етсе, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері осы еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету уақытына ұзартылады.

11.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасаушы Тарап оларды растау үшін тиісті уәкілетті орган берген құжатты ұсынуға міндетті.

11.5. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары бір айдан артық уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені қабылдаған шешімі жөнінде екінші Тарапқа хабарлай отырып, осы Шартты толық немесе бір бөлігінде бұзуға құқылы.

11.6. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының болуына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Шартты бұзу күніне қарасты болған нақты шығындары үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

